

**А. Ақылбайқызы, журналистика кафедрасының магистранты;**  
**Ж. С. Рамазанова, филология ғылымдарының кандидаты, доцент**  
(*Е. А. Бәкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*)

## **ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИА: ЖАҢАҢДАНУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ӨЗАРА ӨРЕКЕТТЕСУ ЖОЛДАРЫ**

Ақпараттық технологиядағы инновациялар әлемді демократиялық бұқаралық ақпарат құралдар (келесіде — БАҚ) дәуіріне көшіріп әкелді. Әрбір адам жаңалықтар мен мәліметке қол жеткізіп, әлдебір журналистік жобаның құрушысы немесе оған қатысушысы бола алады. Нәтижесінде жаңалықтар соңы немен аяқталатыны белгісіз дәстүрлі емес тәсілдермен таралуда. Сандық БАҚ-ы біздің біліміміз бен оны алу жолымызға қалай әсер етуде? Кез келген адам мұрағат, журналист немесе баспагер бола алатын болса, авторлар мен тарихшылар бұған қалай қарайды? Ғаламдық қоғам үшін мұның салдары қандай болмақ?

Осыдан бірнеше жыл бұрын (яғни, 2002 жылы) қоғамға ықпалы орасан болатын мәліметтер мен жаңалықтар жасауға азаматтардың өздері тікелей қатысатын әрі оның мазмұны күллі ғалам үшін ашық әрі қолжетімді болатын жағдай қалыптасып келе жатқанда құбылысты сипаттауға әрі жоғарыдағы сауалдардың жауабын түсіндіру үшін Медиаорталық «Біз – БАҚ» деген ұғымды таныстырған еді.

Сондай құбылыстың бірі — Google іздеу торабы. Оның мақсаты — әлемдік ақпаратты жүйелеу, яғни адамдарға өздері өмір сүріп жатқан әлемді ретке келтіруге көмектесу. Адамдарда өз қажеттіліктерін өтейтін мәліметті іздейтін, табатын мүмкіндіктері бар. Билік немесе ақпарат таратуды өздеріне меншіктеп алған үстемділер енді адамдардың қандай мәлімет тұтынып, жаңалық тыңдайтынын басқара алмайды<sup>1</sup>.

Тағы бір құбылыс, ол — блогтар деп аталады. Бұл виртуалды күнделіктер ойларды жарыққа шығарып, әлемдегі адамдарды жақындастырады. Global Voices [<http://globalvoicesonline.org>] тәрізді сайттар өзіндік болмысын сақтай отыра бірінші жақтан баяндалған қарапайым азаматтардың ойларын жинастырады. Оның күші аса қуатты болғаны сонша, блогосферадағы журналдардың тек төрттен бірін, яғни 25 млн қадағалап отыратын Technorati [<http://www.technorati.com>] тәрізді сайттар пайда болды.

Үшінші құбылысқа халықаралық спутниктік телеарналардың дамуын жатқызамыз. БАҚ-дың демократиялануы мәдени сананың барлық түріне есігін айқара ашты. Бағасы онша қымбат емес, сандық технология мен спутниктік көрсетілім арқылы халықаралық 70-тен аса арна шекараларды кесіп өтіп, әлемнің шет-шетіне жаңалықтар мен әртүрлі көзқарастағы адамдардың пікірлерін таратуда. Үкімет есебінен қаржыландырылатын BBC компаниясы 43 тілге аударылған, 100 млн адамды қамтитын жүздеген арнасы мен сайты бар жаңа үлгідегі Британия империясын құрды. Al Jazeera тұрақсыз да қауіпті араб әлеміне еркін ақпарат құралымен бірге, жаңа ойды да ала келді. Өз ықпалын күшейту үшін 2006 жылдан бері Al Jazeera тәулік бойы ағылшын тілінде де хабар таратуда.

«Біз — БАҚ» деген сөз тіркесі, сонымен қатар ауызекі тілдегі сөздің қуатын танытатын жеке ақпарат құралдарын пайдалануды да білдіреді. 2005 жылдың соңында 2 млрд адам, яғни Жер шарының үштен бірінде ұялы байланыс телефоны болды. Жыл сайын шамамен әлемде 800 млн жаңа ұялы байланыс телефоны сатылады. 2008 жылдан бастап, телефонға қондырылған сандық камера көмегімен 600 млн адам оқиғаны суретке түсіре алады. Осы құрылғылардың көмегімен «ғаламдық контент ұрпағы» қалыптаспақ. Бұл болып жатқан оқиғаға қатысып, оны хабарлап, мазмұнын (сурет, видео немесе мәтін) таратып жариялайтын керемет мүмкіндік береді. Ғаламдық желілер адамдарға өз ойларын, суреттерін кез келген жерде, кез келген уақытта бөлісуге, жариялауға жағдай жасады<sup>ii</sup>.

Сонымен, «Біз — БАҚ» ұғымының ең басты ерекшелігі — қатысу. Әрбір адамның оқиғаға қатысы бар. Әрбір адам оқиғаның өрбуіне, бұқараға таралуына өз ықпалын тигізеді. «Біз — БАҚ» мақала жариялаудың қалыпты қадамдарын түбегейлі өзгертті. «Біз — БАҚ» — жаңалықтар индустриясындағы соңы құбылыс. Жарияланатын мақала тағдырына редакциялық нұсқаулар да, журналистік кестесі де әсер ете алмайды. Оның орнына олар бір сәтте таралған әңгіменің нәтижесіне айналып, әрі қарай дамиды немесе интернеттегі әлеуметтік желіге сіңіп, жоғалып кетеді.

Мәлімет мен жаңалықты жинау, сараптау және таратумен айналысатын азамат пен азаматтар тобы редакциямен немесе онда қызмет ететін журналистермен бәсекелеседі. Қайткен күнде де екеуі де тәуелсіз, шынайы, нақты, әртүрлі және өзекті ақпаратты беру ниетін көздейді.

Кезінде дәстүрлі журналистиканың босағасында тұрған «Біз — БАҚ» құбылысына қазір немқұрайлы қарау қателік болар еді. Бұл үрдістің дамуына қазіргі таңда кәсіпорын, мемлекеттік мекеме, сарапшылар, тәуелсіз журналистер, шолушылар, журналистика факультеті мен жаңалықтар қызметі де атсалысып отыр. Негізгі БАҚ-тың бәрінде жаңа жобалар қаулап келеді. Бірақ, олардың барлығы бір қайнардан басталған. Оңтүстік Кореяның Oh My News сайты техникалық тұрғыдан алға озған елдің саясат алаңында жиі талқыланатын мәселені шешуге ықпал етті. Сайтқа оң мындаған азаматтық журналист тіркелді. Oh My News ашылған соң, үш жылдан кейін Кореядағы медиа алыптар билігі мен үкіметтің ауысуы да осы жобаның жемісі деп танылды.

Көнеден келе жатқан журналистика мамандығы қазіргі уақытта тарихта сирек кездесетін сәтті бастан өткеруде. Алғаш рет оның жаңалық таратудағы ғаламат күшіне өзі қызмет ететін оқырмандары мен жаңа технологиялар қарсы шықты.

Жаңа медиа қоғамда журналистиканың жаңа формасын туғызды. Ол құбылыс «азаматтық журналистика», «интернет-журналистика» деген атпен танымал. Жаңа медиа ақпараттың мәтінге тәуелділігін жойды. Себебі, мультимедиалық, графикалық ақпараттың таралуы мәтіндік жүйенің баламалы тенденциясына айналды. Түсінікті де қысқа гипермәтіндер, газет-журнал мәтіндерінің қатталуы, радиотелевизия және баспасөз мұрағаттың қолжетімділігі, іздеу жүйесінің ыңғайлылығы, интерфейстің тартымдылығы БАҚ-ын ыңғайлы ете түсті. Жаңа медиа қоғамдағы демократиялық үдерістердің дамуына оң үлес қосуда. Цензураның құрсауын белгілі бір межеге дейін жойды. Интернет БАҚ-ғы аудиториямен байланыстың оңтайлы әдістерінің болуы ақпарат тұтынушыларының ой мен сөз еркіндігіне мүмкіндік берді.

Аудиториямен тығыз қарым-қатынас орнату ісі, яғни оларды медиа ісіне тарту, қоғамдық мәселелерді талқылауға қатыстыру жаңа медианың әлеуметтік маңызын арттыра түсті. Мәселен, тұрақты жұмыс жасап жатқан «Abai.kz» ақпараттық порталы, «Мінбер» ұлттық интернет газеті, «Замандас», «Masa.kz», «Bag.kz» секілді сайттардағы түсіндірме, түсініктеме (комментарий) жазушылардың өздері ашық пікір-таласқа барып айтысып жатады. Не болмаса, материал туралы өз ойларын ортаға салады. Мұның өзі белгілі бір деңгейде сөз еркіндігі бар екенін аңғартады. Бұрынғы кездерде кері байланыс, тек хат немесе радиотелевизияда телефон қоңырауы арқылы ғана орнатылса, ғаламтор енген қазіргі кезеңде онлайн хат алмасу мен электронды пошталардың дамылсыз жұмыс істеуі, онлайн тілдесулердің ұйымдастырылуы еліміздің демократиялық принциптерін жүзеге асырады<sup>iii</sup>.

Қарап отырсақ, қазір «мен» деген БАҚ барлығында дерлік веб-сайт, портал, жекелеген журналистік блогтар мен форумдар, рейтинг-сауалдамалар, тіпті, әлеуметтік желілер де бар. Бұл дәстүрлі БАҚ-тың өзі жаңа медиа арқылы ақпарат нарығына шығып отыр дегенді білдірсе керек. Алайда, телевизия мен радионы былай қойғанда, баспасөздің веб-парақтары жаңа медианың қалпына (стандарт) көп келе бермейді. Веб-беттердегі постардың тым шұбалаңқылығы, визуалды ақпараттың жұтаңдығы байқалады. Мәселен, АҚШ-тың «USA Today», «New-York Times», «Washington Post» секілді ірі басылымдарының веб-беттерінде үлкен көлемдегі материалдар аз. Мұнда мәтіннің неғұрлым ықшам, оқуға жеңіл болуына аса мән беріледі. Ал біздің елде газет бетін толтыру үрдісі ғаламторға да ауысып кеткендей.

Ғаламтордың қазақ тілді интернет-сайттарға тигізетін кері әсері де баршылық. Ақпарат ағынының толассыздығы салдарынан басқа тілдегі контенттер қазақ тіліндегі ақпаратты ығыстырып шығаруда. Тіпті, өзіміздің елде де көбіне орыс тілді ақпаратқа басымдық беріледі. Себебі, қазақ тілді Kaznet-тің дәл қазіргі жағдайы орыс тілді сайттармен теке-тіресе алатындай деңгейге жете алған жоқ. Тұтынушысы ең көп делінетін түрлі әлеуметтік желі мен ақпараттық сайттар, ақпарат агенттіктері көбіне орыс немесе басқа тілде ақпарат таратады. Тіпті, белгілі ауқымы кең отандық интернет-порталдардың өзі басым бағытты орыс тіліне беріп отырады. Қорыта келе айтарымыз, жаңа медианы дәстүрлі медиамен

ұштастыра алсақ, еліміздегі БАҚ-тың дамуына, жалпы қоғамның дамуына жаңа леп әкелеріміз сөзсіз.

- 
- i Қазіргі кездегі журналистік білім беру: инновациялар, жаңа технологиялар: Оқу-әдістемелік құрал. — Алматы, 2012.
  - ii Омашев Н. Ақпараттық қауіпсіздік — тыныштық кепілі // Ана тілі. 2016. 27 маусым.
  - iii Еркімбаев А. Жаңа медиа. Монологтан диалогқа. — Алматы, 2012.